

«Samruk-KazynaTrust»  
Корпоративтік қорының  
Бас директорының  
«17» 04 2019 ж.  
№ 29 Бұйрығымен бекітілген

**«ӘРЕКЕТ» жобасы аясында әлеуметтік кәсіпкерлікті  
дамытуға бағытталған Гранттар байқауын өткізу туралы  
ЕРЕЖЕ  
(бұдан әрі – Ереже)**

**1. Жалпы ережелер**

- 1.1. Әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға арналған Гранттар байқауын (бұдан әрі – Байқау) өткізу туралы осы Ереже байқауды ұйымдастыру мен өткізудің ашықтығын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Самұрық-Қазына» АҚ Қайырымдылық саясатына және Қайырымдылық бағдарламасына сәйкес әзірленді.
- 1.2. Байқаудың мақсаты - Қазақстан Республикасының коммерциялық емес ұйымдары арасында әлеуметтік кәсіпкерлік мәдениетін дамыту.
- 1.3. Осы Ереже байқауды ұйымдастыру және өткізу тәртібін, гранттарды беру және оларды іске асыру мониторингін жүзеге асыру тәртібін анықтайды.
- 1.4. Байқау ұйымдастырушысы - «Samruk-Kazyna Trust» Корпоративтік қоры (бұдан әрі - Қор).

**2. Терминдер мен анықтамалар**

2.1. Осы Ережеде келесі негізгі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

<b>Әлеуметтік кәсіпкерлік</b>	Табысы жарғылық мақсаттарына сәйкес әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған коммерциялық емес ұйымның кәсіпкерлік қызметі
<b>Коммерциялық емес ұйымның кәсіпкерлік қызметі</b>	Коммерциялық емес ұйымның жарғылық мақсаттарына сәйкес келетін, мүлікті пайдалану, өндіру, тауарларды сату, жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету жолымен табыс алуға бағытталған дербес және бастамашылық қызметі
<b>Үміткер</b>	Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген коммерциялық емес ұйым
<b>Өтінім</b>	Үміткер Байқауға қатысу үшін осы Ережеде белгіленген тәртіпке сәйкес ұсынатын құжаттар жиынтығы
<b>Байқау Комиссиясы</b>	Қор Грант алушыларды іріктеу мақсатында құратын және бекітетін алқалы орган

<b>Мүдделер қақтығысы</b>	Байқау Комиссиясы мүшесінің жеке мүдделілігі шешімді объективті қабылдауға әсер етуі мүмкін жағдай
<b>Жоба</b>	Үміткер әлеуметтік проблемаларды шешуге бағытталған кәсіпкерлік қызметті жүргізу мақсатында бастамашылық жасаған іс-шаралар кешені
<b>Грант</b>	Жобаны іске асыру үшін Грант алушыға берілетін ақшалай қаражат
<b>Грант алушы</b>	Байқаудың барлық кезеңдерінен өткен және Байқау Комиссиясының шешіміне сәйкес Грант алған Үміткер
<b>Келісімшарт</b>	Грант алушыға Грант осы келісімшартқа сәйкес беріледі

### 3. Грант беру тәртібі мен шарттары

<b>1 Грант сомасы</b>	3 000 000 (үш миллион) теңгеге дейін
<b>Жобаның жүзеге асырылу мерзімі</b>	Келісімшартқа қол қойған күннен бастап 9 ай
<b>Грантты игеру мерзімі</b>	Келісімшартқа қол қойған күннен бастап 9 ай
<b>Байқау аясындағы Жоба келесілерге бағытталуы керек</b>	<p><b>1. Әлеуметтік және медициналық секторлардағы адамдарға, қоғамдастықтарға көмек:</b></p> <p>1.1. Халыққа, бірінші кезекте жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, толық емес, аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан балаларға медициналық қызмет көрсетуді, сондай-ақ ауруларды диагностикалауды, емдеуді және оналтуды ұйымдастыру жолымен жетілдіру жөніндегі іс-шаралар;</p> <p>1.2. Халықтың аз қорғалған топтарына, оның ішінде табысы төмен (табысы аз), күтімге, қамқорлыққа мұқтаж адамдарға көмек көрсету жөніндегі іс-шаралар;</p> <p>1.3. Ағымдағы қызметін қаржыландыруда қиындықтарға тап болған емдеу, балалар және өзге де әлеуметтік мекемелерді қолдау жөніндегі іс-шаралар;</p> <p>1.4. Азаматтардың денсаулығын сақтау және профилактика саласындағы қызметке жәрдемдесу, сондай-ақ салауатты өмір салтын насихаттау, азаматтардың моральдық-</p>

	<p>психологиялық жағдайын жақсарту жөніндегі іс-шаралар;</p> <p>1.5. Әлеуметтік сала, денсаулық сақтау және білім беру қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бойынша іс-шаралар.</p> <p><b>2. Медиа, мәдени қоғамдастықты, адам әлеуетін дамыту, еңбек қатынастарын нығайту және қоғамның тұрақты дамуына инвестициялар:</b></p> <p>2.1. Білім беру, ғылым, мәдениет, өнер, ағарту, азаматтық қоғамды қалыптастыру саласындағы қызметке жәрдемдесу жөніндегі іс-шаралар;</p> <p>2.2. Мамандандырылған ұйымдарға жәрдемдесу, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі адамдарды жұмыспен қамтамасыз етуге ықпал ететін іс-шаралар;</p> <p>2.3. Бұқаралық спортты дамыту жөніндегі іс-шаралар;</p> <p>2.4. Халықтар арасындағы бейбітшілікті, достық пен келісімді нығайтуға жәрдемдесу жөніндегі іс-шаралар.</p> <p><b>3. Қор тобы орналасқан өңірлерде әлеуметтік инвестициялардың өңірлік бағдарламасын іске асыру:</b></p> <p>3.1. Әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту жөніндегі іс-шаралар;</p> <p>3.2. Тарихи-мәдени мұраны жаңғырту жөніндегі іс-шаралар;</p> <p>3.3. Тұрғындардың салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша іс-шаралар;</p> <p>3.4. Азаматтық бастамаларды қолдау арқылы жергілікті қоғамдастықтарды дамыту жөніндегі іс-шаралар.</p>
<p><b>Грант берілмейді</b></p>	<p>1. Салықтар, мемлекеттік бюджетке төленетін және екінші деңгейдегі банктерге басқа да міндетті төлемдер бойынша мерзімі өткен берешегі бар коммерциялық емес ұйымдарға;</p> <p>2. Діни ұйымдарға;</p> <p>3. Саяси партияларға;</p> <p>4. Кәсіптік одақтарға;</p>

	<p>5. Сайлау қорларына;</p> <p>6. Тұтыну кооперативтеріне.</p>
<b>Грант қаражаты келесі мақсаттарға жұмсалмауы керек</b>	<p>1. Жарғылық қызметке, жобаның мақсаты мен міндеттеріне байланысты емес қызметті жүзеге асыру;</p> <p>2. Салтанатты және мерейтойлық іс-шараларды, концерттер мен дөңгелек үстелдерді ұйымдастыру және өткізу;</p> <p>3. Кредиторлық берешекті өтеу;</p> <p>4. Құрылысты, тұрғын үйді, көлік құралдарын сатып алу;</p> <p>5. Жол шығындары.</p>
<b>Грант алушылар ұсынатын Гранттың мақсатты пайдаланылуын тексеруге арналған құжаттар</b>	<p>1. Төлем фактісін растайтын құжаттар:</p> <p>1) банктік шоттан көшірме,</p> <p>2) төлем тапсырмалары,</p> <p>3) фискалдық чектер,</p> <p>4) шығыс-кассалық ордер,</p> <p>5) ақша қаражатын беруге арналған төлем тізімдемесі,</p> <p>6) және өзге де растайтын құжаттар,</p> <p>2. Тауарларды алуды, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді және жобада көзделген басқа да мақсаттарға қол жеткізуді растайтын құжаттар:</p> <p>1) шарттар/келісім-шарттар,</p> <p>2) шот-фактуралар, инвойстар,</p> <p>3) орындалған жұмыстардың/көрсетілген қызметтердің актісі,</p> <p>4) жүкқұжаттар,</p> <p>5) кедендік жүк декларациялары,</p> <p>6) Грант алушының ішкі бұйрықтары, өкімдері мен шешімдері,</p> <p>7) жалақыны есептеу бойынша есеп айырысу тізімдемелері,</p> <p>8) аванстық есептер</p> <p>9) және өзге де растайтын құжаттар.</p>
<b>Грант қаражатын мақсатсыз пайдалану</b>	Грантты Келісімшартта көрсетілген алу шарттарына сәйкес келмейтін мақсаттарға жұмсау және пайдалану
<b>Шартты бұзу және кезекті транштарды</b>	<p>1. Грант алушының кез келген сипаттағы дәйексіз мәліметтер беруі;</p> <p>2. Бөлінген қаражатты мақсатсыз пайдалану;</p>

<b>төлеуді тоқтата тұру үшін негіздер</b>	<p>3. Есептерді уақытылы ұсынбау;</p> <p>4. Қор сұратқан мәліметтерді және/немесе құжаттарды беруден бас тарту.</p>
---	---

#### 4. Байқауды өткізу тәртібі

4.1. Грант беру Грант алушыларды 3 кезеңдік іріктеу арқылы жүзеге асырылады.

4.2. Қор әр кезеңнің Өтінімдерін қабылдаудың басталу және аяқталу күні мен уақыты көрсетілген хабарландыруды [www.sk-trust.kz](http://www.sk-trust.kz) сайтында және/немесе әлеуметтік желілерде, өңірлік/республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялайды.

4.3. Байқауға Өтінімдер электронды түрде (файл PDF форматында болуы керек) [areket.skt@gmail.com](mailto:areket.skt@gmail.com) электронды поштасына мемлекеттік және орыс тілдерінде қабылданады.

4.4. Қор келесі жағдайларда бас тарту себебін көрсетпей Өтінімді қараудан бас тартуға құқылы:

- толық емес құжаттар пакеті бар Өтінімді ұсынған және/немесе Өтінімнің осы Ереженің талаптарына сәйкес келмеуі;
- құжаттардағы дәйексіз деректердің анықталуы;
- Қор үшін бедел тәуекеліне әкеп соғатын мәліметтердің табылуы;
- Өтінім беруге уәкілетті емес тұлғаның беруі.

#### *Бірінші кезең*

4.5. Байқаудың бірінші кезеңіне қатысу үшін Үміткер хабарландыруда көрсетілген мерзімнен кешіктірмей Қордың [areket.skt@gmail.com](mailto:areket.skt@gmail.com) электронды поштасына осы Ереженің №1 Қосымшасына сәйкес Өтінім және келесі құжаттар тізбесін жібереді:

- мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;
- үміткердің құрылтай құжаттарының көшірмесі (барлық өзгертулермен және толықтыруларымен жарғы, құрылтай шарты (бар болған жағдайда));
- Үміткердің уәкілетті органының бірінші басшыны тағайындау туралы шешімінің көшірмесі;
- Үміткер басшысының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- Байқауға Өтінім ұсынғанға дейін 30 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде берілген салық және мемлекеттік бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешектің жоқтығы туралы Салық комитеті анықтамасының көшірмесі;
- Байқауға Өтінім ұсынғанға дейін 30 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде берілген Екінші деңгейдегі банктерде берешектің жоқтығы туралы анықтаманың көшірмесі;

- жоба командасының барлық мүшелерінің түйіндемесі.

4.6. Үміткер Байқауға бір ғана Өтінім бере алады.

4.7. Қор келесіні қамтамасыз етеді:

- Үміткерлердің Өтінімдерін қабылдау және тіркеуді;

- қабылданған құжаттардың толықтығын тексеру;

- №4 Қосымшаға сәйкес үлгі бойынша Өтінімдер тізілімін қалыптастыру.

4.8. Қор Үміткерлердің Өтінімдерін осы Ереженің №2 Қосымшасында көрсетілген критерийлер бойынша бағалайды және Өтінімдерді қабылдау аяқталған сәттен бастап 10 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Үміткерлер арасында іріктеу жүргізеді.

4.9. Екінші кезеңге Қордың бағалау нәтижелері бойынша ең жоғары ұпай жинаған Үміткерлер өтеді.

4.10. Бірдей ұпай жинаған Үміткерлердің Өтінімдерінен екінші кезеңге Жобаның мәлімделген бағыты бойынша жұмыс тәжірибесі молырақ Үміткер өтеді. Үміткердің жұмыс тәжірибесін анықтау мүмкін болмаған жағдайда, екінші кезеңге Байқауға қатысуға бірінші болып Өтінім берген Үміткер өтеді.

4.11. Іріктеудің бірінші кезеңінің нәтижелері бойынша Қордың шешімі жазбаша рәсімделеді.

4.12. Қор екінші кезеңге өткен Үміткерлердің тізімін Қордың тиісті шешімі қабылданғаннан кейін 1 жұмыс күні ішінде [www.sk-trust.kz](http://www.sk-trust.kz) сайтында орналастырады.

#### Екінші кезең

4.13. Байқаудың екінші кезеңіне қатысу үшін Үміткер екінші кезеңге өткен Үміткерлердің тізімі орналастырылған күннен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірмей осы Ереженің №3 Қосымшасына сәйкес Өтінімді [areket.skt@gmail.com](mailto:areket.skt@gmail.com) электрондық поштасына жібереді.

4.14. Қор келесіні қамтамасыз етеді:

- Үміткерлердің Өтінімдерін қабылдау және тіркеу;

- қабылданған құжаттардың толықтығын тексеру;

- №4 Қосымшаға сәйкес үлгі бойынша Өтінімдер тізілімін қалыптастыру;

- Байқау Комиссиясының қарауына Өтінімдер тізілімін шығару.

4.15. Байқау Комиссиясы Үміткерлердің Өтінімдерін осы Ереженің № 2 Қосымшасында көрсетілген критерийлерге сәйкес бағалайды және екінші кезеңге Өтінімдерді қабылдау аяқталған сәттен бастап 8 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Үміткерлерді іріктеуді жүргізеді.

4.16. Үшінші кезеңге Байқау Комиссиясының бағалау нәтижелері бойынша ең жоғары ұпай жинаған Үміткерлер өтеді.

4.17. Бірдей ұпай жинаған Үміткерлердің Өтінімдерінен үшінші кезеңге Жобаның мәлімделген бағыты бойынша жұмыс тәжірибесі мол Үміткер өтеді. Үміткердің жұмыс тәжірибесін анықтау мүмкін болмаған жағдайда, үшінші кезеңге байқаудың екінші кезеңіне қатысуға бірінші болып Өтінім берген Үміткер өтеді.

4.18. Байқау Комиссиясының шешімі іріктеудің екінші кезеңінің нәтижелері бойынша хаттамамен рәсімделеді.

4.19. Хаттама негізінде Қор үшінші кезеңге өткен Үміткерлердің тізімін Байқау Комиссиясының шешім қабылдағаннан кейін 1 жұмыс күні ішінде [www.sk-trust.kz](http://www.sk-trust.kz) сайтында орналастырады.

#### Үшінші кезең

4.20. Байқаудың үшінші кезеңіне қатысу үшін Үміткер Нұр-Сұлтан қаласында әлеуметтік кәсіпкерлікке: әлеуметтік ықпал ету, инновациялар, өзін-өзі қамтамасыз ету, қаржылық тұрақтылық, бизнес жоспарлау, PR және маркетинг және т.б. оқытуды қамтитын үш күндік «Инкубатор» білім беру бағдарламасынан (бұдан әрі - Бағдарлама) өтуі және өз Жобасын Байқау Комиссиясының алдында қорғауы тиіс.

4.21. Бағдарламаға әр Үміткерден қатысатын өкіл саны - 2 адам.

4.22. Бағдарламаның қорытындысы бойынша Үміткерлерге Бағдарламаның барлық іс-шараларына қатысқан жағдайда тыңдалған оқу туралы сертификаттар беріледі.

4.23. Үміткерлердің Бағдарламаға қатысуы бойынша барлық шығындарын Қор өтейді.

4.24. Грант алу үшін Үміткер өз Жобасын Байқау Комиссиясының алдында қорғауы тиіс.

4.25. Жобаларды қорғауға Бағдарлама бойынша оқу тыңдағаны туралы сертификат алған Үміткерлер жіберіледі.

4.26. Іріктеудің үшінші кезеңінің нәтижелері бойынша Байқау Комиссиясының шешімі Үміткерлердің Жобаларды қорғаған күні хаттамамен рәсімделеді.

4.27. Үшінші кезеңнің нәтижелері бойынша Қор Грант алушылардың тізімін Байқау Комиссиясының шешім қабылдаған күнінен кейін 1 жұмыс күні ішінде [www.sk-trust.kz](http://www.sk-trust.kz) сайтында орналастырады.

## **5. Байқау Комиссиясы**

### Байқау Комиссиясының міндеттері, функциялары, құқықтары мен жүктемелері

5.1. Байқау Комиссиясының негізгі міндеті Үміткерлердің Өтінімдерін қарау және іріктеу, сондай-ақ осы Ережеде көрсетілген тәртіп бойынша Грант алушыларды іріктеу болып табылады.

5.2. Байқау Комиссиясының мүшелер саны төрағаны қоса алғанда, 5 адамнан кем емес.

5.3. Байқау Комиссиясының отырысын өткізу үшін Кворум Байқау Комиссиясының мүшелері санының кемінде жартысын құрайды және Байқау Комиссиясының жоқ мүшелері (олардың жазбаша түрде берілген дауыстары болған кезде) ескеріле отырып анықталуы мүмкін.

5.4. Байқау Комиссиясы мүшелерін сайлау Қордың айрықша құзыретіне жатады.

5.5. Байқау Комиссиясының төрағасын сайлауды Байқау Комиссиясының мүшелері жүзеге асырады.

5.6. Байқау Комиссиясының қызметін үйлестіруді Қор жүзеге асырады.

5.7. Қор Байқау Комиссиясының жұмысын ұйымдастырады, отырыстарға шақырады, хаттама жүргізуді ұйымдастырады, отырыстың орны мен уақытын анықтайды, сондай-ақ Байқау Комиссиясының міндеттерін орындаумен байланысты өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5.8. Байқау Комиссиясының мүшелері өз қызметін адал және шынайы жүзеге асыруға, Байқау Комиссиясының жұмысына және оның отырыстарына қатысуға, отырыстардың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беруге міндетті.

5.9. Байқау Комиссиясының мүшелері осы Ереженің №5 Қосымшасына сәйкес үлгі бойынша Өтінімдерді қарауға және іріктеуге қатысу алдында байқау Үміткерлерімен мүдделер қақтығысының болуы туралы Қорды хабардар етуге міндетті.

5.10. Байқау Комиссиясының мүшелері мүдделер қақтығысы бар байқау Үміткерлерінің Өтінімдерін қарауға және іріктеуге қатысуға құқығы жоқ.

5.11. Байқау Комиссиясы іс қағаздарын жүргізу үшін Қор қызметкерлерінің арасынан хатшы сайланады, оған мынадай міндеттер жүктеледі:

- Байқау Комиссиясы мүшелеріне отырыстың күні, уақыты және орны туралы хабарлау;
- Байқау Комиссиясы мүшелерінің қарауына материалдарды дайындау;
- Байқау Комиссиясы отырыстарын дайындау және өткізуді қамтамасыз ету;
- Байқау Комиссиясы отырыстарының хаттамаларын жүргізу.

#### Байқау Комиссиясының отырысы

5.12. Екінші кезеңде Байқау Комиссиясы Үміткерлердің Өтінімдерін осы Ереженің №2 Қосымшасында көрсетілген критерийлерге сәйкес 3 ұпайлық жүйе бойынша бағалайды.

5.13. Байқау Комиссиясының шешімі үшінші кезеңде отырысқа қатысып отырған көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

5.14. Жобаларды қорғау үшін Байқау Комиссиясы Үміткерлерге олардың Жобаларын жақсарту жөнінде ұсыныстар беруге құқылы.

5.15. Дауыстарды санауды және дауыс беру қорытындыларын шығаруды Төраға жүзеге асырады.

5.16. Байқау Комиссиясының отырыстарын хатшы міндетті түрде хаттамалайды.

5.17. Байқау Комиссиясы отырысының хаттамасы келесіні қамтиды:

- отырысты өткізу күні, орны және уақыты;
- отырысқа қатысатын Байқау Комиссиясы мүшелерінің ТАЖ;
- кворумның болуы;



- дауыс беруге байланысты мәселелер және әрбір Байқау Комиссиясының дауыс беру нәтижесін көрсете отырып, олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- Байқау Комиссиясы мүшелерінің Үміткерлермен мүдделер қақтығысының болуы/болмауы;
- қабылданған шешімдер;
- Байқау Комиссиясының шешімі бойынша өзге де мәліметтер.

5.18. Қол қойылған хаттаманың түпнұсқасы Қорда қалады, хаттамалардың көшірмелері Байқау Комиссиясының мүшелеріне олардың талап етуі бойынша беріледі.

5.19. Байқау Комиссиясының шешімі апелляциясыз болып табылады. Байқау Комиссиясы бас тарту себептерін жария етпеуге құқылы.

## **6. Келісімшарт жасасу тәртібі**

6.1. Қор Байқау Комиссиясының шешімі негізінде шешім қабылданған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде Грант алушымен Келісімшарт дайындайды және жасасады.

6.2. Байқау Комиссиясының ұсынымдарына сәйкес Грант алушы жобасының кезеңдерін, іске асыру механизмін және/немесе шығыстар сметасын өзектендіру қажет болған жағдайда шартты дайындау мерзімі ұзартылуы мүмкін. Алайда, Грант алушымен Келісімшарт жасасудың жалпы мерзімі Байқау Комиссиясы шешім қабылдаған күннен бастап 15 жұмыс күнінен аспауы тиіс.

## **7. Келісімшарт талаптарын өзгерту тәртібі**

7.1. Жасалған Келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізуге мынадай жағдайларда жол беріледі:

- Жоба шығыстарының сметасын түзету бөлігінде;
- Жобаны іске асыру жөніндегі жоспар шеңберінде іс-шаралар өзгерген жағдайда;
- Грантты (транштар) беру тәртібін өзгерту бөлігінде.

7.2. Келісімшартқа өзгерістер енгізу қажет болған жағдайда Грант алушы Қорға қажетті құжаттарды қоса бере отырып, түсіндірме жазба ұсынады.

7.3. Қор Грант алушының түсіндірме жазбасын қарастырады. Мақұлданған жағдайда Грант алушымен Келісімшартқа қосымша келісімге қол қойылады. Бас тартқан жағдайда, Қор бас тарту себебін түсініктемесін ұсынады.

## **8. Мониторинг**

8.1. Қор Грант алушылардың Жобаларының мониторингін есеп беруді және тиісті құжаттарды тексеру, жобаның іске асырылуын бақылау, Жоба

шеңберіндегі іс-шараларға қатысу, Жобаны іске асыру бойынша кеңестер беру және басқа да әдістерді қолдану арқылы жүзеге асырады.

8.2. Қор Жобаның мониторингін іске асырылу орнына шығу жолымен жүзеге асыруға құқылы.

8.3. Грант алушы шартта белгіленген тәртіп және мерзім бойынша тоқсан сайын Қорға осы Ереженің № 6 және 7 Қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша есептер беруге тиіс.:

- Грант қаражатын мақсатты пайдалану туралы есеп (№6 Қосымша);

- Жобаны іске асырудың тиімділігі туралы есеп (№7 Қосымша).

8.4. Грант алушының Грант қаражатын мақсатсыз пайдаланған жағдайда Қор Келісімшарттың талаптарына сәйкес Грант алушыға мақсатсыз пайдаланылған соманы қайтару туралы талап жібереді.

## Байқаудың бірінші кезеңіне қатысу Өтінімі

1.	Коммерциялық емес ұйымның атауы (КЕҰ)	
2.	КЕҰ басшысының ТАЖ	
3.	Жоба атауы	
4.	Байланыс ақпараты (телефон, электронды адрес, әлеуметтік желілердегі парақшаларға сілтемелер (Instagram, Facebook, twitter және т.б.)	КЕҰ және/немесе Жоба басшысының байланыс ақпаратын көрсету қажет
5.	Жобаның бағыты	Байқау Ережесінің 3 бөлімінен таңдаңыз
6.	Жобаны жүзеге асырудың ағымдағы мәртебесі	Байқауға Өтінім беру сәтінде Жобаңыз жүзеге асырудың қай кезеңінде екенін сипаттаңыз.
7.	Жобаның жүзеге асырылу орны	Облысты, ауданды, ауылдық округті, елді мекенді көрсетіңіз
8.	Жобаның өзектілігі және әлеуметтік маңызы	Өлшенетін сандық және сапалық көрсеткіштерді пайдалана отырып, сіздің жобаңыз бағытталған әлеуметтік мәселені сипаттаңыз. Әлеуметтік мәселенің өзектілігін дәлелдейтін ең өзекті статистикалық деректерді және/немесе зерттеулердің нәтижелерін және оларды алу көзіне сілтемені келтіріңіз.
9.	Бір сөйлемде сіз неге таңдалған әлеуметтік мәселені шешкіңіз келетінін түсіндіріңіз?	
10.	Жобаның Бенефициарлары (жоба ең көп әсер ететін адамдар тобы және/немесе ұйым)	Жобаны тікелей және жанама түрде өтеусіз негізде іске асырудан пайда алатын тұлғалар тобын сипаттаңыз. Мысалы, тікелей бенефициарлар: Абай қаласында тұратын 4-7 жастағы аз қамтылған отбасыларынан ерекше мұқтаж 20 бала. Ақпаратты Абай қ. әлеуметтік бөлімі ұсынды. Жанама бенефициарлар: аз қамтылған отбасыларынан ерекше мұқтаж 20 баланың ата-анасы.
11.	Жобаның мақсаты мен міндеттері	Жобаны іске асыруға әкелетін жағдайды нақты және анық тұжырымдаңыз. Қойылған міндеттер сіз қойған мақсатқа жетуге әкелуі тиіс.
12.	Әлеуметтік мәселені шешудің жолы	Сіздің шешіміңіз мақсатты топтың өмірін қалай жақсартатынын сипаттаңыз? Жобаңыздың нақты күтілетін нәтижелерін сипаттаңыз.
13.	Мәселені шешу негізінде жатқан тәсілдің ерекшелігі/төлдаралығы	Таңдалған әлеуметтік мәселені шешу жаңалығын бірнеше сөйлемде сипаттаңыз.
14.	Жобаны іске асыру үшін қосымша қаржылық және/немесе қаржылық емес ресурстар: - қазіргі уақытта бар - жоспарланған	Кәсіпкерлік қызметтен түскен табыстарды (мүлікті пайдалану, өндіру, тауарларды сату, жұмыстарды орындау және қызмет көрсету арқылы табыс алу); қайырымдылықтар; қарыздар; меншікті қаражатты пайдалану және тағы басқаларды қоса алғанда, сізде қандай қаржыландыру көздері бар екенін сипаттаңыз. Сондай-ақ жобаны іске асыру үшін қандай

		<i>қаржыландыру көздерін пайдалануды жоспарлап отырғаныңызды көрсетіңіз. Жобаны іске асыру үшін Сізде қандай қаржылық емес ресурстар бар (қолда бар үй-жайлар, жабдықтар, көлік құралдары және т. б.).</i>
15.	<b>Жоба командасының тәжірибесі мен біліктілігі</b>	<i>Қазіргі уақытта жоба командасының мүшелерінің санын, олардың аты-жөнін, функционалдық міндеттерін көрсетіңіз.</i>
16.	<b>Серіктестер және олардың сіздің Жоба шеңберіндегі рөлі</b>	<i>Жобаны іске асыру бойынша сіздің негізгі серіктестеріңіздің кім екенін көрсетіңіз. Олармен ынтымақтастық қанша уақытқа созылады? Олар Жобаға қалай тартылады?</i>

Осымен «ӘРЕКЕТ» жобасы шеңберінде әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға арналған Байқау туралы Ережемен танысқанымды және оның талаптарымен келісетінімді растаймын.

Осымен мен басшысы болып табылатын коммерциялық емес ұйым қайта ұйымдастыру, тарату немесе банкроттық сатысында тұрмағанын; коммерциялық емес ұйымның қызметі тоқтатылмағанын; коммерциялық емес ұйымның салық және мемлекеттік бюджетке және екінші деңгейдегі банктерге төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша мерзімі өткен берешегі жоқ екендігін растаймын.

Осымен, осы Өтінімдегі және оған ұсынылған, мен басшысы болып табылатын коммерциялық емес ұйымның құжаттарында қамтылған ақпаратты Қорға Байқаудың мақсатына қол жеткізу үшін пайдалану құқығын беретінімді растаймын.

\_\_\_\_\_

КЕҰ басшысының ТАЖ

\_\_\_\_\_

КЕҰ басшысының қолы

M.O

Өтінімді беру күні «\_\_» \_\_\_\_\_ 2019 ж.

## Іріктеу критерийлері

Бірінші кезең критерийлері		Ұпайлар (0-3)
Жоба бағытының Үміткердің жарғылық мақсаттарына сәйкестігі	Сәйкес келеді	3
	Сәйкес келмейді <i>(Жобаның бағыты Үміткердің жарғылық мақсаттарына сәйкес келмеген жағдайда, Өтінім қалған критерийлер бойынша бағаланбайды)</i>	0
Жобаның өзектілігі және әлеуметтік маңызы	Дәлелденген	3
	Жалпы дәлелденген, алайда елеулі емес ескертулер бар	2
	Жеткілікті дәлелденген жоқ	1
	Дәлелденген жоқ	0
Әлеуметтік мәселенің ұсынылған шешімінің шынайылығы	Сенімді дәлелденді	3
	Жалпы дәлелденген, алайда елеулі емес ескертулер бар	2
	Жеткілікті дәлелденген жоқ	1
	Дәлелденген жоқ	0
Шешім негізінде жатқан тәсілдің бірегейлігі	Әлеуметтік мәселені шешу тәсілі инновациялық, бірегей болып табылады	3
	Әлеуметтік мәселені шешу тәсілінің инновациялық, бірегейлік белгілері бар, бірақ бұл белгілер оның күтілетін нәтижелеріне елеулі әсер етпейді	2
	Әлеуметтік мәселені шешу тәсілінің іс жүзінде инновациялық, бірегейлік белгілері жоқ	1
	Әлеуметтік мәселені шешу тәсілі инновациялық, бірегей емес	0
Жобаны іске асырудағы КЕҰ-ның меншікті	Ұйым Жобаны іске асыруға қосымша ресурстарды нақты тартуды қамтамасыз етеді	3

үлесі және/немесе тартылатын қосымша қаржылық және қаржылық емес ресурстардың оны одан әрі дамытудағы перспективалары	Жобаны іске асыруға арналған қосымша ресурстар расталмаған	2
	Жобаны іске асыру Грант есебінен ғана болжамдалған	1
Жоба командасының тәжірибесі мен біліктілігі	Жоба командасының таңдалған бағыты бойынша жұмыс тәжірибесі бар	3
	Жоба командасында таңдалған бағыт бойынша жұмыс тәжірибесі жоқ	0

<b>Екінші кезең критерийлері</b>		<b>Ұпайлар (0-3)</b>
Іске асыру жоспарында көрсетілген іс-шаралардың қисынды байланыстылығы және олардың Жобаның мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі	Жоба осы критерийге толық сәйкес келеді	3
	Жоба толығымен пысықталды, алайда елеулі емес ескертулер бар	2
	Жоба жеткіліксіз пысықталған, міндетті түрде жою қажет ескертулер бар	1
	Жоба осы критерийге сәйкес келмейді	0
Жобаны іске асыруға жоспарланған шығыстардың шынайылығы мен негізділігі	Жоба осы критерийге толық сәйкес келеді	3
	Жоба толығымен пысықталды, алайда елеулі емес ескертулер бар	2
	Жоба жеткіліксіз пысықталған, міндетті түрде жою қажет ескертулер бар	1
	Жоба осы критерийге сәйкес келмейді	0
Жобаның әлеуметтік және кәсіпкерлік құрамдас бөліктері	Жоба осы критерийге толық сәйкес келеді	3
	Жоба толығымен пысықталды, алайда елеулі емес ескертулер бар	2
	Жоба жеткіліксіз пысықталған, міндетті түрде жою қажет ескертулер бар	1

бөлігінде пысықталуы	Жоба осы критерийге толық сәйкес келмейді	0
Байқау шеңберінде қаржыландыру аяқталғаннан кейін жобаның тұрақтылығы бойынша әлеуеттілігі	Жоба осы критерийге толық сәйкес келеді	3
	Жоба толығымен пысықталды, алайда елеулі емес ескертулер бар	2
	Жоба жеткіліксіз пысықталған, міндетті түрде жою қажет ескертулер бар	1
	Жоба осы критерийге толық сәйкес келмейді	0

### Байқаудың екінші кезеңіне қатысу үшін Өтінім

1.	Коммерциялық емес ұйымның (КЕҰ) атауы	
2.	Жобаның атауы	
3.	Жобаның мақсаты мен міндеттері	Жобаны іске асыруға әкелетін жағдайды нақты және анық тұжырымдаңыз. Қойылған міндеттер сіз қойған мақсатқа жетуге әкелуі тиіс

#### 4. 9 айға арналған Жобаны іске асыру жоспары

№	Әрекет/іс-шара	Серіктестердің Жобаны іске асырудағы рөлі (бар болған жағдайда)	Жауаптылар (жоба командасының мүшелері / тартылған мамандар)	Жоспарланған мерзімдер	Күтілетін нәтижелер (әлеуметтік мәселелерді шешу және кәсіпкерлік қызметті жүргізу бойынша сандық/сапалық нәтижелер)
1					
2					
...					

#### 5. 9 айға арналған Жоба шығыстарының сметасы

№	Шығыстар бабы	Бір бірлік үшін құны, теңге	Саны, бірлік	Барлығы, теңге	Ескертпе
1.					
2.					
...					

#### 6. Тауарды/қызметті/өнімді сипаттаңыз

Тауарды/қызметті/өнімді сипаттаңыз. Сіздің тауарыңыз/қызметіңіз/өніміңіз клиентіңіздің қандай қажеттіліктерін қанағаттандырады?

#### 7. Ұсынылатын тауарлар мен қызметтерге қажеттілікті қалай анықтадыңыз?

Сіз ұсынатын тауарларды/қызметтерді өткізудің әлеуметтік нарығының маркетингтік талдауының нәтижелерін келтіріңіз

#### 8. Клиенттің портреті

Сіздің клиенттеріңіздің жасы, жынысы (ер/әйел), қызмет түрі, табыс деңгейі, отбасы мөлшері, білімі және т. б. көрсете отырып сипаттаңыз.

#### 9. Маркетинг бойынша стратегия



Тауар/қызмет/өнім бағасын оның бәсекелестік артықшылықтарына сүйене отырып анықтаңыз. Сіздің клиентіңіз үшін оны сатудың ең сәтті орнын анықтаңыз және оны нарықта жылжыту әдістерін сипаттаңыз (пайдаланылатын жарнама түрлері).

### 10. Жобаның ақша ағыны

12 айға кіріс және шығыс жоспарын жасаңыз.

№	Бап	Жобаның іске асуының 1 кварталы	Жобаның іске асуының 2 кварталы	Жобаның іске асуының 3 кварталы	Жобаның іске асуының 4 кварталы
<b>1.</b>	<b>Кірістер, соның ішінде</b>				
1.1.	Кәсіпкерлік қызметтен түскен табыс				
1.2.	Қайырымыдылық				
1.3.	...				
<b>2.</b>	<b>Шығыстар, соның ішінде:</b>				
<b>2.1.</b>	<b>Тікелей шығыстар</b>				
2.1.1.	Материалдар мен шикізаттар				
2.1.2.	Жол жүру шығыстары				
2.1.3.	...				
<b>2.2.</b>	<b>Әкімшілік шығыстар</b>				
2.2.1.	Жалақы				
2.2.2.	Кеңсе керек-жарақтары				
2.2.3.	Жарнама				
2.2.4.	...				
	<b>Барлығы: табыс немесе шығын</b>				

### 11. Бәсекелестер

Өзіңіздің 3-5 бәсекелесіңізді анықтаңыз және әрбір тауар/қызметіңізге бәсекелестеріңізбен салыстыру жасаңыз.

Сіздің тауарыңыздың/қызметіңіздің атауы (Мысалы, шрифт)				
Мінездеме (бағасы, сату орны, жарнама, сапасы, қызмет көрсету және т.б.)	Сіздің КЕҰ	1 Бәсекелес	2 Бәсекелес	3 Бәсекелес
Бағасы	7 000	5 000	11 000	8 500
Сату орны	Instagram, әлеуметтік кәсіпкерлердің жәрмеңкесі	Instagram, сауда орталығындағы сауда орны	Instagram, сауда орталығындағы сауда орны	Instagram, сауда орталығындағы сауда орны
Қолданылатын материалдар	Бұл материалдар: табиғи киіз	Синтетикалық материалдар	Мақта	Синтетикалық материалдар
Жасалу процесі	Шарфтар Қазақстанда ерекше қажеттілігі бар балалардың	Өнеркәсіп өндірісі, палантиндер Қытайдан әкелінеді	Өнеркәсіп өндірісі, палантиндер Түркиядан әкелінеді	Өнеркәсіп өндірісі, палантиндер Қытайдан әкелінеді

	аналарымен қолмен жасалады			
--	----------------------------	--	--	--

### 12. Жобаның тәуекелдері

Жобаны сәтті және тұрақты енгізу үшін Сіздің Жобаңыздың өтуі қажет тәуекелдерді талдауды ұсыныңыз (сіз құрал ретінде SWOT-талдауды пайдалана аласыз).

Тәуекелдің атауы	Жобаға әсер ету деңгейі (төмен, орта, жоғары)	Алдын-алу шаралары

### 13. Жобаның тұрақтылығы

Қор сіздің жоба әлеуметтік мәселені тұрақты негізде қалай шешетінін көруге мүдделі. Сіз жобаңыздың тұрақтылық жоспарын сипаттаңыз және жобаңызға тұрақты болуға көмектесетін міндеттер мен стратегияларды белгілеңіз.

Міндет	Әрекет
Мысал: тауарды/өнімді сату процесінің шығындарын оңтайландыру	<p>1. Коммерциялық серіктестермен (супермаркеттер, сауда бутиктері және т. б.) жеңілдетілген және өтеусіз негізде тауар/өнім сату үшін алаңдар ұсыну мақсатында тұрақты негізде келіссөздер жүргізу.</p> <p>2. Тауарды/өнімді жеңілдетілген және өтеусіз негізде жылжыту мақсатында БАҚ, ақпараттық порталдар, блогерлермен және т.б. келіссөздер жүргізу.</p>

Осымен осы Өтінімде ұсынылған барлық ақпарат дұрыс болып табылатынын және Өтінімге қол қойылған күні шындыққа толық сәйкес келетінін растаймын.

Осымен, осы Өтінімдегі және оған ұсынылған, мен басшысы болып табылатын коммерциялық емес ұйымның құжаттарында қамтылған ақпаратты Байқаудың мақсатына қол жеткізу үшін Қорға пайдалану құқығын беретінімді растаймын.

\_\_\_\_\_  
 КЕҰ басшысының ТАЖ

\_\_\_\_\_  
 КЕҰ басшысының қолы

M.O

Өтінімді беру күні «\_\_» \_\_\_\_\_ 2019 ж.

**Байқау Комиссиясының қарауына арналған  
Үміткерлер өтінімдерінің тізілімі**

№	КЕҰ атауы	КЕҰ басшысының және құрылтайшы ларының ТАЖ	Құжаттардың толық пакетінің болуы	Ескертпе
1.				
2.				
3.				
...				

**Мүдделер қақтығысының болуы/болмауы  
туралы хабарлама формасы**

- «ӘРЕКЕТ» жобасы шеңберінде әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға арналған Гранттар байқауы туралы Ережеге сәйкес, осы арқылы Байқаудың \_\_\_\_\_ (кезеңнің нөмірін көрсетіңіз) кезеңінде Өтінімдердің тізілімінде көрсетілген үміткерлермен мүдделер қақтығысы жоқ екенін мәлімдеймін.
- "ӘРЕКЕТ" жобасы шеңберінде әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға арналған Гранттар байқауы туралы Ережеге сәйкес, осы арқылы келесі Үміткермен/-лермен (Үміткердің толық атауын көрсетуіңізді сұраймыз) туындаған мүдделер қақтығысы туралы хабарлаймын:

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_
4. ...

---

Байқау Комиссиясы мүшесінің ТАЖ Байқау Комиссиясы мүшесінің қолы

М.О

Қол қойылған күн «\_\_» \_\_\_\_\_ 2019 ж.

### Грантты мақсатты пайдалану бойынша есеп

Жобаның атауы	
Грант алушының атауы	
Келісімшарттың № мен күні	
Гранттың сомасы, теңге	
Есептік кезең	

№	Шығындар бабы	Сума			ауытқу ("+"-үнемдеу "-" артық шығын)	ауытқу себебі
		Шығындар Сметасындағы дерек бойынша	«__» тоқсандағы нақты пайдалану	Нақты пайдалану, барлығы		
1.						
2.						

\_\_\_\_\_  
 КЕҰ басшысының ТАЖ

\_\_\_\_\_  
 КЕҰ басшысының қолы

М.О

**Жобаны іске асыру тиімділігі бойынша  
Есеп**

<b>Жобаның атауы</b>	
<b>Грант алушының атауы</b>	
<b>Келісімшарттың № мен күні</b>	
<b>Гранттың сомасы, теңге</b>	
<b>Есептік кезең</b>	

<b>№</b>	<b>Жоба аясындағы Әрекет/Іс-шара</b>	<b>Серіктестердің Жобаны іске асырудағы нақты рөлі (бар болған жағдайда)</b>	<b>Жауаптылар (жоба командасының мүшелері / тартылған мамандар)</b>	<b>Орындау мерзімдері</b>	<b>Қол жеткізілген нәтижелер (әлеуметтік мәселелерді шешу және кәсіпкерлік қызметті жүргізу бойынша сандық/сапалық нәтижелерді көрсету қажет)</b>	<b>Айырмашылық себептері (күтілетін және нақты нәтижелер арасындағы айырма болған жағдайда)</b>

\*есепке есептік кезеңдегі қызметті растайтын құжаттарды (мысалы, фото, видео, хабарландыру мәтіні, жұмыс кестесі, бенефициарлар тізімі, бенефициарлардың пікірлері және т.б.) қоса беру қажет.

\_\_\_\_\_  
КЕҰ басшысының ТАЖ

\_\_\_\_\_  
КЕҰ басшысының қолы

М.О